



# Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

15 қазан  
сенбі

№82 (1886)

2022 ЖЫЛ

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«Toppress.kz» ақпараттық порталы облыс қала әкімдерінің тамыз-қыркүйек айларындағы топ-5 рейтингін жариялады. Мұнда Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев үздік бестіктің қатарынан көрінді. Жалпы рейтинг не үшін керек? Әрбір адамның күн сайын өзіне есеп беру керектігі әкімдердің атқарған жұмысының нәтижесін бағалап, халыққа жариялау ел алдындағы есептің бір формасы секілді. Аймақ басшысының рейтинг қорытындысымен алғашқы үздік бестіктер қатарынан көрінуі – жыл ішіндегі атқарылған жұмыстар нәтижесі. Әкімдер жұмысын бағалаудың негізгі көрсеткіші ауыл шаруашылығы, жылу маусымына дайындық, халықпен ашық диалог, табиғи және техногендік апаттарды жою жұмыстары, инвестициялық ахуалды жақсарту жұмыстарының нәтижесіне қарай бағаланған.

## 5-тің сыры неде?

Сарапшылар Сыр өңіріндегі ауылшаруашылығы саласының дамуын, жаңа мектептер құрылысының қарқын алғанын, спорт және балалар ойын алаңының салынып, тұрғындарды қуанышқа бөлегенін жоғары бағалаған. Мұнан бөлек, облыс орталығына жаңа жылуэлектр орталығын салу үшін инвестор табуы да аймақ басшысының іскерлігі. Сондай-ақ өңірде бірнеше ірі құрылыстардың іргесінің қалануы, «Өнер сарайы», «Неке сарайы» құрылысының қарқын алуы да сарапшылар назарынан тыс қалмаған. Биыл шілде айында 250 отбасыға жаңа пәтер кілтін табысталау, жаңа автобустардың келуі өңір басшысының халық тілегіне сай қызмет атқарып жатқанының көрсеткіші ретінде бағаланды.

көрсеткіш 31,3 пайыз құрайды. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылмен салыстырғанда екінші жартыжылдықтағы көрсеткіш 24 пайызға артқан. Биыл мектеп түлектеріне облыс әкімінің 100 грантының бөлінуі де тұрғындарға қуаныш сыйлады.

Өңірдегі іргелі істердің нәтижесі 11 қазан күні Үкімет отырысында да жоғары бағаланды. Ұлттық экономика министрі өз баяндамасында Қызылорда облысы негізгі капиталға салынған инвестиция бойынша жоғары өсім көрсеткенін атап өтті. Есепті кезеңде инвестиция тарту көлемі 24%-ға жоғарылаған өңіріміз республика бойынша көш басында.

«Өңірлер арасында ең жоғары көрсеткіш Қызылорда, Алматы және Ақмола облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларында байқалады», – деді министр Әлібек Қуанышев.

Бір сөзбен айтқанда, өңірде атқарылған нәтижелі жұмыстар аз емес.

### ■ СҰХБАТ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жуық арада жүзеге асатын саяси реформалардың жаңа бағдарламасы туралы айтып, елдің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін қозғап, сол бағытта атқарылатын іс-шараларды белгіледі. Ізгі мақсатты жүзеге асыру үшін аға буынның үлесі қандай? Біз «Ziyatker» инновациялық мектеп-лицейінің негізін салушы Руслан Дүлдүлмен осы бағытта әңгімелестік.

«Ziyatker» инновациялық мектеп-лицейінің негізін салушы Руслан ДҮЛДҮЛ:

## «БҰЛ КҮННІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР»

орта бизнесті нығайтуға, ауыл шаруашылығы секторын қарқынды дамытуға ерекше басымдық берілді. Жолдауда еліміздің әрі қарай дамуы үшін бірқатар бағыт айқындалып, нақты тапсырмалар берілді. Білім саласына баса назар аударып, сапалы білім берудің маңыздылығын атап көрсетті. Ел игілігі үшін жасалып жатқан әлеуметтік маңызды салалардың жаңғыруына тын серпін беретін жобаларды ұсынуы қуантарлық жағдай дер едім. Жалпы, Мемлекет басшысының жолдауында айқындалған бастамалар еліміздің саяси жүйесін және әкімшілік-аумақтық құрылымын барынша өзгертуге бағытталған.

– Жолдауда, әсіресе жоғары білімді қолжетімді ету, жастарды жұмыспен қамту мәселесіне назар аударғаны белгілі. Осы тұрғыда қандай нық қадамдар қажет?

– Президент жаңа жолдауында: «Білім беру саласының басты міндеті – білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту» – деген еді. Қай салада болсын, жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді.

Білімнің сапалы болуы білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беруі, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мен әдістерді табуға дағдыланған маман болуы қажет.


Президент Жолдауындағы «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» атты үшінші бағдарында еліміздің болашағы дарынды, отаншыл жастардың білім алуы үшін реформалардың орындалуына, қоғамдағы бірлік пен келісімнің, барша қазақстандықтардың жасампаз еңбегінің арқасында дамуға айтарлықтай өсім болатындығы айтылды. Бұл жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, білім алуға жасалған мүмкіндіктердің бірі. Сонымен бірге еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыру, жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету, жеңілдетілген тәртіптер жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілуі, қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал ететін қадамдарды айшықтап беруі – жұмыссыздықпен күресудің тиімді жолы деп білемін.

4 бетте

### ■ 16 ҚАЗАН – НАН КҮНІ

Әлемнің кез келген елінде нан қашан да бағалы. БҰҰ 2017 жылдың 16 қазан күнін Бүкіләлемдік нан күні ретінде тіркеу туралы шешім шығарды. Нан – үйдегі молшылық пен жақсылықтың нышаны. Қиын-қыспақ, соғыс, зобала кезеңдерде талай адам бір үзім нанмен амалдап, жан баққаны туралы тарихи деректер де аз емес. Сондықтан ас атасы – нанды қадірлеу біздің міндетіміз. 2019 жылғы қыркүйекте ел Үкіметінің қаулысымен мерекелік күндердің тізбесі толықты. Соған сәйкес 16 қазан – Нан күні болып белгіленді. Атаулы күн – астық және үн өнімдерінің құрметін арттырып, қазақстандық дикандардың, ұн тартушылар мен наубайханалардың еңбегін елеу үшін арнайы белгіленді.

## НАН ҚИҚЫМЫНДА БЕРЕКЕ БАР



Күнде көзбен көріп жүргендіктен қоқыс толы нанды көргенде ішің ашиды. Мұндай көрініс обал-сауаттың жоқтығынан, иманның әлсірегенінен шығар деп ойлаймын. Қоғамда иманды кісілер азайып бара жатқандай сезінеміз. Бір үзім нанның киесі ұратынын ұғыну қажет. Алдымен, рухани тұрғыда жастарға тәрбие берілу керек секілді. Біздің айтпағызмыз, көпқабатты үй тұрғындары нан тастайтын жер таппаса, арнайы орын белгілеп, жинап алу жағын ойластырған жөн болар еді. Сонымен қатар түрлі іс-шараларды қолға алып, жас ұрпақтың бойына қасиетті астық қадірін сіңірсе дейміз. Әйтпесе тоқтықтан нан қадірін білмей жүргендейміз.

Әдеттегідей таңғы сөзінде қызым Нұрсезім екеуіміз біріміз сабаққа, біріміз жұмысқа асығамыз. Кенет жолда бір үзім нан жатыр екен. Қызым дереу жүгіріп барып: «Анашым, нанды жерге тастауға болмайды ғой. Кім тастап кеткен?... Оны алып торғайларға тастау керек. Әйтпесе үйде нан таусылып қалады екен. Мұны маған апай айтты», – деді. Қызыма осындай өмірлік тәлім үйреткен ұстазға іштей риза болдым. Расымен, «Бүгінгі ұрпақ емес қасиетті қараның қадірін осы үлкендердің өздері біледі

4 бетте

Асылбек ШӘМЕНОВ,  
Қызылорда қаласының әкімі:

## «ХАЛЫҚ ДЕМАЛЫП ЖАТСА ДА, БІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК»

Қызылорда – жыр елі атанған аймақтың жүрегі, Сырдың бас қаласы. Сырдария өзенінің жағасында орналасқан бұл қала тағдырын осы жермен байланыстырған, тамырын осы аймақтан алатын әрбір азамат үшін қымбат. Сол себепті де Қызылорданы жан жүрегімен жақсы көретін әрбір адам қаланың ертеңіне елендеп, өссе екен, өркендесе екен деген тілекпен жүреді. Биылғы сәуірде қала тізгінін қолына алған Асылбек Шәменовтің де әкім болғанына жарты жылға жуықтапты. Қала басшысының кәсіпкерліктің өрісін кеңейту, жұртшылықты жұмыспен қамту, бюджетті онтайландыру, кірісті арттыру, қоғамдық ахуалға баса назар аудару, мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс істеу, әлеуметтің әлеуетін арттыру сынды

тағысын тағы толып жатқан басқа да жұмыстары жетіп артылады. Оның бер жағында облыс орталығының көркі мен сәулетіне де ерекше ден қою керек. Бұқараның базинасына құлақ асып, жылу мен жолға, жарық пен ауызсуға қатысты мәселені де шешіп отырғанын естен шығармайық. Автобус паркінің машақатын қоспағанның өзінде тұрғындарды баспамен қамту жайы да күн тәртібінен түскен емес. Биыл қала күнінің өзі ерекше мерекеленіп, түрлі шаралар өтуде. Басшылыққа келгеніне 6 айдың жүзі болған Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов қала күні қарсаңында облыстың жетекші басылым бас редакторларының басын қосып, еркін форматта әңгіме-дүкен құрды.

2 бетте

### ■ АЛТЫН ДӘН – 2022

Ігі дәстүр бойынша биыл да «Алтын дән – 2022» мерекесі облыс орталығында өз дәрежесінде аталып өтті. Н.Бексезенов атындағы облыстық қазақ академиялық драма театрында өткен дикан еңбегін дәріптеген іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, құттықтады.

– «Қала күні» мерекесін тойлау әрбір жерлесіміз үшін маңызды әрі мерейлі сәт деп санаймын. Бір ай көлемінде түрлі сипаттағы ауқымды іс-шаралармен жалғасқан думанды басқосулар берекелі күздің «Алтын дән» мерекесімен сабақтасты. Ризық несібесін жерден терген дала ен-

Салтанатты кеште ауыл шаруашылығы саласын дамытуға айрықша еңбек сіңірген қоғам қайраткері Жарылқасын Шәріпов, іс-шаралармен жалғасқан думанды басқосулар берекелі күздің «Алтын дән» мерекесімен сабақтасты. Ризық несібесін жерден терген дала ен-

«Озат егін шаруашылығы» номинациясы бойынша бірінші орын иегері болып «Ақтөбе и К» ЖШС танылды. Екінші орын «Ер-Әлі» шаруа қожалығына берілсе, үшінші орын «Алтын дән Шиелі» ЖШС-на табысталды.

## АДАЛ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

беккерлері су тапшылығының қиындығына қарамастан биыл 188500 гектар жерге егін ексе, оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 78592 гектарды құрап, әр гектардан 56,7 центнерден өнім алынды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей қолдауының нәтижесінде өңірде су көлемі өткен жылғыдан көбейді. Биыл егісті ерте бастадық. Соның нәтижесінде өнім деңгейі артып отыр. Суды үнемдеу мақсатында тамшылатып суару тәсілін жолға қойып келеміз. Алдағы уақытта өнім көлемін арттыру жоспарымыз бар. Қазақтың ата кәсібі мал шаруашылығына да көңіл бөлініп отыр. Азық түлік бағасын төмендетуде нәтижелі жұмыс жүргізілуде. Ала жаздай төккен тері мен аянабай еткен еңбегінің жемісін көрген барша дикан қауымының жанкешті еңбегіне аймақ жұртының атынан шынайы алғысымды білдіремін. Қамбаңыз дөңге толып, құт берекеміз арта берсін, – деді аймақ басшысы.



Сонымен қатар «Алтын дән – 2022» мерекесі аясында өңір дамуына еңбегі сіңген еңбек ардагерлеріне Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет» грамотасы табысталды. Сондай-ақ жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген бір топ өндіріс озаттарына демеушілер тарапынан жеңіл автокөліктер табысталды.

P.S. Сырбойлық шаруалар ала жаздай алқабын баптап, қояр күзде жыны терім уақытында жылдық азығын еселеп еңсеріп алады. Бұл еңбеккерлер үшін молшылық айы саналады. Егіннің жинап, төл басын көбейтіп, еңбегінің жемісін, табиғаттың сарқылмас сыйынан көретін де осы шак. Осындай мерейлі мезгілде еңбек озаттары осылайша сый құрметке бөленді. «Еңбек ер атандырады» деп осындайда айтыла берекелі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



– Білік пен бұқараның арасында алтын көпір болып, мемлекеттің саясатын жан-жақты шынайы жеткізіп, облыс пен қалада атқарылып жатқан жұмыстарды ақпараттандырудағы әрбір ішкі еңбектеріңізді бағалаймын. Әрине, бірлесіп, түсінісіп жұмыс істеудің берері бар. Өздеріңізбен бір ай бойы аталып өтіп жатқан қала күнінің мәресіне жетер уақытта жүздесіп, облыс орталығында бұған дейін не істелді, алда қандай жоспарлар барын бөліскім келеді, – деген қала басшысы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Облыс орталығы 8 айда өнеркәсіп өндірісі мен өңдеуден басқа барлық негізгі макроөсеткіш бойынша өсім қалыптастырған. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 131,3 млрд теңгені құраған. Ол өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 13,4 пайызға артты. Облыс бойынша қаланың үлесі 53,7 пайызды көрсетіп отыр.

– Құрылыс жұмыстарының көлемі 53,4 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 121,3 пайызды құрады. Қаржыландырудың барлық көзі есебінен жалпы ауданы 303831 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал өңдеуші өнеркәсіп саласында 43,2 млрд теңгенің өнімі өндірілсе, өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 542 млрд теңгеге жетті. Жыл басында қала бюджеті 51,7 млрд теңгемен бекітілді. Ол бүгінгі күні 72,4 млрд теңгемен нақтыланды. Өз кірістеріміз 20 млрд теңге болса, трансферттер 44 млрд теңге, оның ішінде қала бюджетіне берілген субвенция 16,9 млрд теңгені құрады. Қаражаттың игерілуіне келсек, 9 айдың қорытындысымен бюджет шығындарының жоспары 44552,6 млн теңге болып, игерілуі 44511 млн теңге немесе 99,9 пайызға орындалды, игерілмеген қаржы 41,6 млн теңгені құрайды, – деді қала басшысы.

Елімізде экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы шағын және орта бизнесті дамыту екені белгілі. Осы жылдың 1 қыркүйегіне Қызылорда қаласында шағын және орта бизнестің дамуы бойынша 31614 шағын кәсіпкерлік субъектісі (заңды тұлға – 6197, дара кәсіпкерлер – 23351, шаруа қожалықтары – 2066) тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 18,8%-ға артты. Облыс бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 49,8%-ы Қызылорда қаласының үлесінде екенін айта кетейік.

Бүгінгі күні «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында субсидиялау бағыты бойынша 5,2 млрд теңгені құрайтын 123 жоба қолдау алып, құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 73 жоба ішінара кепілдендірілді. Биыл аталған бағдарлама аясында жыл соңына дейін 143 жобаны қаржыландыру жоспарланған. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жоба құны

Аталған ауылға 2022 жылы республикалық бюджеттен 2,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, газдандыру жобасының құны 4,8 млрд теңгені құрайды. 2023 жылы аяқталуы жоспарланған игілікті бастамаға 1,9 млрд теңге бөлініп, тұрғындар толықтай «көгілдір отынның» игілігін көретін болады, – деді қала әкімі.

«Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттен 574,2 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, Талсуат (277,1 млн теңге) және Қарауылтөбе (297,1 млн теңге) ауылдық округтерінде 150 орындық ауыл клубының құрылыстары жүргізілуде. Ал облыс орталығында және қалаға қарасты елді мекендердегі жолдарды жөндеуге жергілікті бюджеттен 3,3 млрд теңге қаралды. Оған жалпы ұзындығы 83,4 шақырымды құрайтын 86 көше жөндеуде. Оның бүгінгі таңда 22 көшесі аяқталды. Сондай-ақ Белкөл кентінде теміржол арқылы өтетін жау жүргіншілер көпірінің құрылысы (облыстық бюджеттен 251,2 млн теңге) жүргізілуде. Көпір жыл соңында пайдалануға беріледі. Қызылжарма каналы арқылы «Бәйтерек» ықшам ауданына өтетін көпір құрылысын салуға мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, жеңімпаз «Стандарт Ойл» ЖШС болып танылды. Жоба құны – 368,6 млн теңге. Жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы соңғы үлгідегі 150

Асылбек ШӘМЕНОВ, Қызылорда қаласының әкімі:

## «ХАЛЫҚ ДЕМАЛЫП ЖАТСА ДА, БІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК»

186,9 млн теңгені құрайтын 26 жоба, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 229 млн теңгені құрайтын 29 жоба қаржыландырылды. Бұдан бөлек, жыл соңына дейін 1 млрд 312 млн теңгені құрайтын 66 жобаны жеңілдетілген шағын несиенен қаржыландыру жоспарланып отыр.

Қала басшысы мұнан соң ауыл шаруашылығындағы жұмыстарға тоқталып, құрылыс саласындағы тындырымды тірлікті тілге тиек етті.

– Қазіргі уақытта Қызылордада құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында СПМК-70/2 тұрғын ауданында ипотекалық 50 пәтерлі 10 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы қолға алынған. Оның ішінде 50 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үй, 40 пәтерлі 4 көпқабатты тұрғын үй және 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандар жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралды. Ал жеке инвесторлар есебінен қалада 9,9 млрд теңгеге 509 пәтерлі 18 үй салынып жатыр, – деді қала әкімі.

Айта кетейік, облыс әкімінің бастамасымен облыс орталығында бір мезгіте қатарынан үш бірдей ғимараттың іргетасы қаланды. Олар – «Неке сарайы», «Көпфункционалды кешен (Өнер орталығы)» және «Облыстық қан орталығының» құрылыстары. Аталған нысандар алдағы уақытта қызыл-ордалықтардың игілігіне пайдалануға беріледі.

Тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру мақсатында республикалық бюджеттен 1 млрд 260 млн теңге бөлініп, оған 128,7 шақырымды құрайтын жана электр желілері жүргізілуде. («СПМК-70» мөлтек ауданындағы «Болашақ бау-бақша» (3,8 км), «Орбита» аумағына (2,4 км), Тасбөгет кентіне (25,1 км), «Эдельвейс» аумағына (4,6 км), «Арай-Шұғыла» аумағына (9,2 км), Ақжарма ауылдық округіне (48,8 км), «Еңбек» аумағына (7,2 км), «Сабалақ аумағына» (27,6 км). Ал әл-Фараби ауданындағы ауысумен қамтылмай қалған аумақтарға ауысу желісін тарту үшін 241,8 млн теңге бөлінді. Бұл қаржыға 16,5 шақырым ауысу құбыры тартылуға. Аса қажетті саналатын ауысу және көріз желілерін жүргізуге бюджеттен 3,2 млрд теңге (8 жобаға) бөлінді.

– Ауқымды жобаның тағы бірі – «Бәйтерек» шағын ауданындағы тұрғын сектордың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы. Оның ішінде құнығымалар бұрғылаумен су жинағыш құрылысын салу» жобасы. Республикалық бюджеттен бөлінген 1 млрд 195 млн теңгеге қуаттылығы 7200 текше метр болатын 7 дана ұңғима, 3 дана резервуардың құрылысы басталды. Біз осы жобаны жүзеге асыру арқылы «Бәйтерек» және қосымша Шанхай, КБИ шағын аудандарында орналасқан жеке тұрғын үйлерді тұрақты қысымды сапалы ауысумен қамтамасыз ететін боламыз. Ал газ желісі тартылмаған елді мекендердің бірі – Ақсуат ауылдық округі.

Басы 1-бетте

**Қазіргі уақытта Қызылордада құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында СПМК-70/2 тұрғын ауданында ипотекалық 50 пәтерлі 10 көпқабатты тұрғын үйдің және Сырдария өзенінің сол жағалауында 11 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы қолға алынған. Оның ішінде 50 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үй, 40 пәтерлі 4 көпқабатты тұрғын үй және 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандар жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралды. Ал жеке инвесторлар есебінен қалада 9,9 млрд теңгеге 509 пәтерлі 18 үй салынып жатыр.**

дана автобус алу (1 млрд 434 млн теңге) жоспарланды. Қазір бұл бағыттағы келіссөздер нақтыланып, көліктің алғашқы 40 данасы жеткізіліп, маршруттарға қосылды. Бұл автобустар арқылы қаладағы қоғамдық көлік қатынасындағы түйткілді мәселелерге нүкте қойылады. Сонымен қатар көлік қатынасын реттеуде қала аумағындағы 10 көшеге жаңа бағдарламалар орнатылуға. Ол үшін облыстық бюджеттен 164,9 млн теңге бөлінді. Конкурс нәтижесімен жеңімпаз атанған мердігер мекеме қазірде құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтауға жақын.

Кездесу одан әрі журналистердің ой-пікірі, ұсынысына ұласты.

«Үстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы қалагерлер аллесаын жаңғыртып, алдағы уақытта қала күні аясында баспасөз саласы кызметкерлерінің арасында спорттық турнир, әдеби-мәдени фестиваль өткізуді ұсынды. Алда Ақмешіттің астана болғанының 100 жылдығы келеді, сол уақыттағы қаланың тарихын зерттеп, тіпті кезінде осында ұлт қайраткерлері тұрған үйлердің қабырғасына тақтайша ілінсе, артық болмайтынын жеткізді. Сонымен қатар, қала күні аясында ашылған қобыз тәрзедес кітап дүңгіршегінің етіп газет дүңгіршегін ашу туралы ұсыныс білдірді.

Бұл ұсынысты қабыл алған Асылбек Шәменов бүгінгі ұрпақ бойына өткенді, рухани-тәрбиелік рухты сіңіру жолында қалада өтетін түрлі мәдени-рухани, тарихи-тағылымдық іс-шараға жастарды тартып, идеологиялық тәрбие қалыптастыруға мән беруді айтты. Бір ай бойы қала күніне орай болып жатқан іс-шаралардың дені осы бағытты көздегенін, оған БАҚ-тың да белсенді болуын алға тартты. Сол арқылы жас ұрпақты бүгін бар, ертең жоқ әлеуметтік желіден ажыратып, тарихи тасқа таңбалапатын газет-журнал, кітап оқытуға қадам жасалғанын құп көретінін жеткізді.

Кездесуде облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов «Қаланың дамуын бес жылдан кейін қалай елестете аламыз?» деген сауал қойды. «Қаланы кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы өркендетіп, өркениетке бетбұрыс жасауға болады. Бір мысал айтайын, азыу алты қарыс Американы, ондағы зәулім ғимараттардың бәрін бірдей мемлекет салған жоқ, олардың басым бөлігін кәсіпкерлер тұрғызды. Жергілікті билік инфрақұрылымын жеткізіп берген шығар, ал негізгі нысандарды кәсіпкерлер салды. Біз де осы жолды таңдап, кәсіпкерлердің идеясын пайдалануымыз керек. Әрі инвестиция тартылады, бір жағынан қала қарыштап дами түседі. Мемлекет те қарап қалмайды, арнайы бағдарламалар



«Қамбаш» көлі бағытында туристік турды ұйымдастыруға мүмкіндік бар», – деді қала әкімі.

«Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Азиз Батырбеков қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінде «Ақмешіт Қызылорда болғанда» айдары арқылы Қызылорданың астана болған уақытына қатысты түрлі мақалалар жарық көріп жатқанын, басылым тілшілерінен бөлек елге белгілі ғалымдардың да Сыр тарихына қатысты мақалалары мен ғылыми еңбектері, сұхбаттары жарияланып отырғанын тілге тиек етті. Ақмешіттің алғашқы астана ретінде де келушілерді тартуға болатынына ой қосты. Сол жылдары Алаш арыстарының дені осы жерде өнімді еңбек еткен. Тарихта таңбалап қалған талай туынды Қызылордада жазылған. 1926 жылы осында ұлттық театр ашылды, өткенді жаңғырту үшін бүгінгі Н.Бекжанов атындағы театрдың арнайы бұрыш ашу жөнінде ұсыныс көтерілді. Қала әкімі ұсынысты қолдайтынын, ешқандай қиындық жоқтығын жеткізді.

**Тозығы жеткен электр желілерін ауыстыру мақсатында республикалық бюджеттен 1 млрд 260 млн теңге бөлініп, оған 128,7 шақырымды құрайтын жаңа электр желілері жүргізілуде. («СПМК-70» мөлтек ауданындағы «Болашақ бау-бақша» (3,8 км), «Орбита» аумағына (2,4 км), Тасбөгет кентіне (25,1 км), «Эдельвейс» аумағына (4,6 км), «Арай-Шұғыла» аумағына (9,2 км), Ақжарма ауылдық округіне (48,8 км), «Еңбек» аумағына (7,2 км), «Сабалақ аумағына» (27,6 км). Ал, әл-Фараби ауданындағы ауысумен қамтылмай қалған аумақтарға ауысу желісін тарту үшін 241,8 млн теңге бөлінді. Бұл қаржыға 16,5 шақырым ауысу құбыры тартылуға. Аса қажетті саналатын ауысу және көріз желілерін жүргізуге бюджеттен 3,2 млрд теңге (8 жобаға) бөлінді.**

арқылы тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар салынады. Өндірісті дамыту үшін қиындықтардың барын жасыра алмаймыз. Мысалы, шеге шығару үшін оған темір керек, яғни істің көзін таба білу керек. Демек, үлкен өндірістің жанынан шағын кәсіпорындар ашыла, ол өндірісті дамытады. Нарықтық мүдделілік пайда болады. Кәсіпті дамыту үшін еңбек ету керек. Міне, біз осы қадамға барып жатырмыз. Сондықтан алдағы уақытта қала дамуының келешегі бар, оған анық көзін жетеді, яғни бес жылдан кейін құлпытарған Қызылорданы көз алдыма елестетемін», – деді қала әкімі.

Өз кезегінде «Халық» газетінің бас редакторы Нұржан Нұрмағамбетов, «Кадр бәрін шешеді» деген. Бүгінгі атқарылып жатқан, алдағы істелетін жұмыстардың бәрінде мамандардың үлесі бары анық. Жалпы команданыңа көңіліңіз тола ма? деп сұрады. «Әрине, қала әкімдігі маған таңсық емес. Кезінде әкімнің орынбасары болып қызмет еттім, сол кездегі әріптестерім жылы қабылдады. Олармен бірлесіп, түсінісіп жұмыс істегеннен кейін, әрбір шаруаның шешімін онай тауып отырмыз. Сондықтан да командама көңілім толады, оларға сенемін. Біз уақытпен санаспаймыз. Халық демалып жатқанда, біз жұмыс істеуіміз керек», – деді қала әкімі.

Облыстық «Қызылорданикесті» газетінің бас редакторы Жәнібек Исаев туризм саласы мен қала ішіндегі көлік кептелісін азайту бағытында қандай жұмыстар істеліп жатқанын сұрады. Шаһар басшысының айтуынша, қаладағы көлік кептелісін болдырмау үшін кейбір көше қиылыстарында бағдарламалар орнатылып, ескі теміржол өткелінен жерасты өткелін ашу үшін жоба-смета жасалып, тиісті орындарға беріледі. «Туризм қай жерде табиғаты жақсы, сол жерде жақсы дамиды. Әрине, Сыр елі табиғатымен туристі тарту алмауы мүмкін, алайда сервистік қолжетімділік болса, яғни қонақүй, тарихи музейді дамытсақ, олардың өздері-ақ келеді. Бізде аң-құс, балық аулау жағын дамытуға болады. Одан қалды, «Байқоныр» ғарыш айлағы – «Қорқыт ата» кешені –

Елімізде экономикалық өрлеудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы шағын және орта бизнесті дамыту екені белгілі. Осы жылдың 1 қыркүйегіне Қызылорда қаласында шағын және орта бизнестің дамуы бойынша 31 614 шағын кәсіпкерлік субъектісі (заңды тұлға – 6 197, дара кәсіпкерлер – 23 351, шаруа қожалықтары – 2 066) тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 18,8%-ға артты.

Кездесуде «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бикбожа бір ай бойы мерекеленіп жатқан қала күніне бюджеттен қанша қаржы жұмсалғанын сұрады. Шаһар басшысы кейбір іс-шара мәдениет бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес атқарылып жатқанын айтты. Дегенмен қала күніне байланысты өтіп жатқан шаралардың дені жергілікті кәсіпкерлердің бастамасымен, демесушілігімен өткізілгенін де атап өтті. «Өңірлерді де сол кәсіпкерлер өздері шашырды. Құдай қаласа, алдағы уақытта 300 орындық балабақша, бір-қатар нысан ашылады, мұның бәрін жеке кәсіпкерлер өз қаржысына салған. Екі жылғы пандемия, бүгінгі геосаяси жағдайда елдің еңсесін көтеру үшін бизнесмендер өз бастамаларымен бізге келіп, қала күнінде мерекелік көңіл-күй сыйлауды ұсынды. Біз қолдадық. Ашықтық, жариялық, халыққа жақындық өз білігін алған сайын тіршіліктің де мазмұны айқындала түспек», – деген қала басшысы елдің бірлігі нығая берсін деп тілейік деп сөзін түйіндеді.

Өңіміздің әлқиссасында Қызылорданы жан-жүрегімен жақсы көретін әрбір адам үшін бұл қаланың қымбат екенін айтқан едік. Қала әкімімен кездескеннен кейін оның шаһардың басты жанашыры екенін аңғардық.

Әзиз ЖУМАДІЛДӘУЛЫ



Сенімді инвестиция саналатын жылжымайтын мүлік бағасы қай кезде де түскен емес. Тіпті баспана бағасы түседі ме деген сұрақтың өзі артық болар. Дегенмен баспана бағасына шолу жасап отырған жөн. Әсіресе үй алуға үміттенгендер үшін бағаны сараптап отырғанның артығы жоқ.

Биыл да баспана бағасы біраз шарықтады. Құрылыс бағасының қымбаттауы, жұмысшы күшінің жетіспеуі және тағы басқа дәйектер баспана бағасын жылдағыдан да қымбаттатты. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жыл басынан бері екінші нарықтағы үйлер 26 пайызға қымбаттаған. Ал жаңа үйлер бағасы 17,7 пайызға дейін

өсіпті. Баспана бағасы әр аймақта әртүрлі. Мегаполистерде жылжымайтын мүлік бағасы өзге аймақтармен салыстырғанда жоғары болатыны заңдылық. Дегенмен қай аймақта болсын, тұрғын үй бағасы арзан емес. Жаңа үйлер бағасының қымбаттауынан көш басында Ақтөбе, Қостанай, Астана, Өскемен, Көкшетау, Ақтау қаласын атап айтуға болады. Сандарды сөйлетсек, бірінші нарықтағы Ақтөбеде 32,5, Қостанайда 27, Астанада 26,6, Өскемен 20,3 пәтер бағасы, Көкшетауда 20,3, Ақтауда 19,3 пайызға қымбаттаған. Павлодар мен Талдықорғанда да жаңа үй бағасы сәл де болса қымбаттапты. Мәселен, Павлодарда 0,9, Талдықорғанда 1,8 пайызға өсіпті.

# БАСПАНА БАҒАСЫ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

# ЭКОНОМИКА

## КЕРЕК КЕҢЕС

Ақша үнемдей білесіз бе? Қазақта «тарта жесең, тай қалар, қоя жесең қой қалар» деген үнемнің пайдасын еске салатын мақал бар. Алайда үнемді білмейтіндер қарыздан шықпайды екен. Ал сіз ше? Тапқан табысыңызды игере аласыз ба? «Fingramota.kz» қалтаңдағы ақшаны басқарудың оңай жолдарын жариялапты. Оқып көріңіз...

## «Тарта жесең, тай қалар»...

**I күн.** Ең әуелі шығындарды есепке алу үшін телефонға қосымша орнату немесе бір күндегі шығынды қойын дәптерге жазып отырған жөн. Егер жұмсалған ақшаны бақылап, ақшаның қайда жұмсалғанын біліп отырсаңыз, шығын нәтижесі сізді таңғалдыруы мүмкін. Сондықтан бірінші міндет – шығындарыңызды есептеп, қайда жұмсайтыныңызды бөліп қою, мысалы, азық-түлік, көлік, коммуналдық шығындар, демалыс, сыйлықтар, емделу және т.б.

**II күн.** Ақша жинау үшін алдыңызға мақсат қойыңыз. Мысалы, шағын бизнес ашу, балаларды оқыту, жаңа көлік сатып алу, саяхаттау және т.б. Нақты мақсатқа ақша жинау адамды ынталандырады. Алдағы жоспарыңызды әлсін-әлсін еске түсіріп, оны көз алдыңызға елестетіп, жинайтын ақшаңызды есептеп отырыңыз. Қалай болғанда да, ақша жинау және мақсатыңыз ұзақ мерзімді, яғни кем дегенде 2 жылға арналған стратегия болғаны жөн.

**III күн.** Жылдың қай айында ең көп табыс тапқаныңызды және бұл неге байланысты екенін есептеңіз. Сондай-ақ қай айда кіріс аз болғанын және бұл жағдайдың қайталану қаупі бар-жоғын есте сақтаңыз. Жағдайды талдағаннан кейін, қандай әрекеттерден бас тартқан жөн және қайсысы қаржылық жағынан жақсы нәтиже бергені туралы ойланңыз.

**IV күн.** Ақша бай-қалмай жұмсалатын күнделікті шығындарды бақылаңыз. Бұл шоколадтар немесе тәтті тағамдар, сондай-ақ үйден алуға болатын су, өзіңіз жасай алатын пайдалы үй тағамдарының орнына кафеде түскі ас, таксимен жүру, дайын кофе және басқа да шығындар болуы мүмкін. Ақшаныңды босқа шашпау үшін өзіңізге талап қоя біліңіз. Жуынатын бөлмеде краннан су ағып тұруы, қонақ бөлмеде үнемі шамның қосылып тұруы,

өзіңіз пайдаланбайтын стационарлық телефон үшін ай сайынғы абоненттік төлем артық шығын. Ұялы байланыс, үйдің интернет және кабельдік теледидар тарифтерін қайта қарастырыңыз, үнемді нұсқалар табылуы мүмкін.

**V күн.** Енді нақты шығындарды білгеннен кейін үнемдеуді үйреніңіз. Аптасына бір кішкентай әдеттен бастай аласыз, содан кейін көбірек қосыңыз және т.б. Нәтижесінде, отбасылық бюджеттің артық шығындарынан құтыласыз.

**VI күн.** «Артық шығыннан» арлыңыз! Мысалы, азық-түлік шығындары әдетте кез келген отбасылық бюджеттің едәуір бөлігін алады. Сондықтан бір күнінкізді бюджеттің осы маңызды бөлігін жоспарлауға арнаңыз. Жеке кіріс-шығысыңызды немесе бүкіл отбасының бір апталық кіріс-шығысын жазған жөн.

**VII күн.** Ақша жинау оңай емес. Сондықтан апта сайын ақшаның жұмсалатын бақылаңыз. Барлық шығындарыңызды, оның ішінде несие төлемін жазып жүріңіз, әрдайым түбіртекте қайта қарап шығыңыз және дүкеннен шыққаннан кейін бірден тастамаңыз. Қай жерде қателескеніңізге көз жеткізіңіз: негізсіз шығындар, мысалы, асханада немесе кафеде жұмсалған ақша, көптеген ұсақ-түйек сатып алу және т.б. Әрі қарай жіберген кемшіліктерді ескере отырып, жаңа қаржылық жоспар құрыңыз. Ең бастысы, қанша үнемдегеніңізді есептеңіз. Үнемдеген ақшаны жинай бастаңыз.



Ал екінші нарықтағы үйлердің бағасы қай қалада қымбаттағанына зер салсақ, баға қымбаттығы Қызылорда қаласында (45 пайыз), Ақтөбеде (44,3 пайыз), Өскеменде (40,4 пайыз), Талдықорғанда (38,8 пайыз), Ақтау мен Астанада (38,4 пайыз) байқалады. Ал Түркістан мен Атырауда екінші нарықтағы үйлер бағасында аса өзгеріс жоқ.

Күн сайын құбылатын бағаға бұғау жоқ екені белгілі. Баспана бағасындағы айтарлықтай өзгеріс қыркүйек айының өзінде байқалады. Атап айтсақ, қыркүйекте екінші нарықтағы үйлер елдің 10 қаласында қымбаттай түсіпті. Баға қымбаттығы жағынан Алматы қаласы көш басында. Мұның түрлі себебі бар. Құз айы пәтер іздейтіндердің көбейетіні, баспана алуға арналған бағдарламалардың қарқынды жүзеге асатын уақыты. Сондай-ақ студенттердің көбеюі де нарыққа әсер етпей қоймасы анық. Қалай айтсақ та, Алматы қаласында тұрғын үй бағасы қыркүйек айының өзінде 1,9 пайызға өскен. Баға қымбаттығы жағынан екінші орында Семей, Астана қалалары (1,3-1,2 пайыз). Ал Ақтөбе, Орал, Шымкент, Тараз, Павлодар, Көкшетау, Ақтау қалаларында 1 пайызға қымбаттаған. Ал Өскемен, Талдықорған, Қарағанды қаласында күз мезгілі бағаға әсер етпеген екен. Бір қызығы, күздің алғашқы айында Қызылорда, Атырау, Қостанай, Петропавл қаласында екінші нарықтағы үй бағасы сәл де болса арзандағаны байқалады (0,1-1,3 пайыз).

Бір сөзбен айтқанда, баспана нарығында жыл ішінде елеулі өзгеріс бар. Тағы да

сандарға жүгінесек, өткен жылдың дәл осы мерзімімен салыстырғанда елде баспана бағасы жыл ішінде 21 пайызға қымбаттай түсіпті.

Жыл сайын бағасы шарықтай түскен баспана алудың қарапайым халық үшін тиімді жолы қандай? Бұл ретте елдегі баспана алуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды атап айтқан жөн. Бүгінде елде халықты баспанамен қамтамасыз ету үшін түрлі жеңілдетілген бағдарламалар іске қосылуда. Мәселен, жастардың баспаналы болуы үшін «Алматы жастары» бағдарламасы секілді өзге өңір жастары үшін де мүмкіндік жасалуда. Сонымен қатар жуырда ғана «7-20-25» бағдарламасына балама тағы бір ипотекалық бағдарлама іске қосылатыны айтыла бастады. Бұл туралы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскембаев жақында жаңа ипотекалық бағдарламамен таныстыратынын айтты. Оның айтуынша, бастапқы жарна мен мөлшерлеме халыққа тиімді болуы қажет. Тіпті жылдық мөлшерлеме 7 пайыздан аспайтынын жеткізді.

«Заң аясында қарастырып жатырмыз. Ең бастысы алғашқы жарна және тиімді мөлшерлеме болады, яғни 7 пайыз. Есте болса, «Баспана Хит» бойынша 12 пайыз болған еді. Сол кезде қайталама нарықтағы үйлер қатты сұранысқа ие болды. Бұл жолы 7 пайыздан асырмаймыз деп отырмыз, – деді министр.

Сонымен қатар бұл бағдарлама халықтың белгілі бір санаты үшін емес, жалпы

халыққа тиімді болмақ. Тағы да министр Қ.Өскембаевтың сөзінен үзінді келтірейік:

«Біз халықтың әлеуметтік осал тобының баспанамен қамтылғанын қалаймыз, бірақ жалпы халықты назардан тыс қалдырмаймыз. Біз оларды да бағдарламамен қамтамасыз ету үшін отбасының шифрлық портреті арқылы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді қарастырамыз. Яғни, категорияға бөлмей, әр отбасыға жеке мән беру керек», – деді министр.

Ресми дереккөздеріне сүйенсек, енді іске қосылатын бағдарлама бойынша үй алудың тиімді тетіктері қарастырылуда. Атап айтқанда, алғашқы жарна сатып алатын үй бағасының 20 пайызынан кем болмайды. Тұрғын үй алуға берілетін несиенің мөлшері өңірлерге қарай әртүрлі. Мәселен, Алматы, Астана қаласында 35 млн теңгеге дейін, Ақтау, Атырау, Шымкент қаласында 25 млн теңгеге дейін, Қарағанды қаласында 20 млн теңгеге дейін. Ал өзге аймақтарда 15 млн теңгеге дейін болады деп жоспарлануда. Әрине, бұл әлі де талқылау үстіндегі бағдарлама. Қалай айтқанда да, баспаналы болсам деген жандарға тағы бір үміт сәулесі жарығын түсіргендей.

Баспана тақырыбы туралы жазғанда, сарапшылар пікіріне құлақ ассақ, олар арнайы бағдарламалардан гөрі екінші деңгейлі банктер тиімді пайызбен несие беру керектігін алға тартады. Себебі әр бағдарламаның «дүниеге келуі» тұрғын үй нарығында бағаны өсіреді екен. Қалай болғанда да, халыққа тиімді жағын қарастырған жөн.

«EnergyProm» сайты жыл ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары ішінде қымбаттаған қант ғана емес екенін жазып, бағаны қалай өскеніне талдау жасаған. Жыл басында-ақ бағасы шарықтаған, яғни 76,8 пайызға қымбаттаған қант көктем шыға тапшы болып, елді дүрбеленге салды. Дүкен жағалап қант іздегендер, қантқа таласқандар, қант кезегінің қандай болғанын әлеуметтік желі арқылы жалпы жұртқа жақсы таныс. Шарықтаған қант бағасы енді ғана «өңірің басып келеді». Сарапшылар қант бағасының өсуін импортқа тәуелділік деген себеп айтады. Сондай-ақ импортқа тәуелді азық-түлік қатарында тек қант ғана емес екенін алға тартады. Мәселен, сары майдың 74,3, құс етінің 70,3, ірімшік пен сүзбенің 52,9 пайызы сырттан келеді екен.

Сандарды сөйлетіп көрейік. Биыл елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары 20 пайызға қымбаттапты. Биыл 4 қазанындағы жағдай бойынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бір апта ішінде (27 қыркүйекке) 0,1%, жыл басынан бері 19,6%, бір жылда 19,7% қымбаттаған екен. Апта ішінде жұмыртқа (1,2%), сондай-ақ күріш, күнбағыс майы және пастерленген сүт (0,4%) бағасында өзгеріс бар. Жылдық динамика бойынша қант бірден 79,3%, рожек 30,2%, қарақұмық 27,8%, күріш 23,7%, тауық еті 23,6%, бидай ұны 22,7%, сары май 19,8%, пастерленген сүт 19,4%, тұз 18,9%, айран 16,6%, күнбағыс майы 16,1% -ға өсті.

Ал біз қант ғана қымбаттағандай әсерде жүрміз...

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Aqmeshit-apталығы.kz ақпарат агенттігінің сайтында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Aqmeshit-apталығы.kz ақпарат агенттігінің сайтына материалдар орналастыру бойынша бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде: газетке жарияланған материалдарды сайтқа орналастыру жарияланған соманың 10%/1 ай/; тікелей сайтта орналастыру – 1 см2 - 72 теңге /1 ай/; Жазбаша өтініштерді сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін мына мекен-жай бойынша қабылдайды: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

БІЛДІРМЕЙТІН ҚЫМБАТШЫЛЫҚ...

Сәнімкүл айлығын алып, дүкенге бас сұқты. Айлық алған күні көңілденіп, қалтаң толып тұрғандай сезім болатыны әр адамның басында бар. Супермаркет сөрелерінде не жоқ дейсіз... Ол ай сайын алатын азық-түлікті сәттеке сала берді. Санасында жатталып қалған тізім. Қант, май, шай, ұн, сары май, макарон, шұжық және тағысын-тағы. Себеттегі алған заттың қанша ақша кететіні ойша шамалап жүріп, дүкенді асықпай аралады. Кір жуатын ұнтақ, ыдыс жуғыш, сабын секілді қажеттіліктерді ұмытқан жоқ. «Үйге барып шай ішуге тәтті алайын» деп бір емес, бірнеше түрінен тоқаш, шоколад алды.



Кассаға барғанда, иә касса алдындағы сатушы қыз сартылдап бағасын айтқанда асып-сасып қалды. Тіпті әбгерге түсіп қалды. Қалай сонда? Ай сайын алып жүрген заты ғой. Тізім өзгерген емес, ал баға өзгерген. Қымбатшылық деген күн сайын білдіртпей еніп кетеді екен ғой. Айлығын ойып түскен алған заттың көңілі толмай тағы бір қарап, сатушы қыз берген чекке қайта-қайта үңілді.

Бұл бір ғана Сәнімкүлді таңғалдырған жағдай емес. Ай сонында алып-шұш дүкенге жүргіретін барша тұрғынның басындағы жайт. Жаз бойы «қант қымбаттады» деп дүрлігіп жүргенде қымбатшылық сыналай кіріп, барлық азық-түлікке «қонжиганын» байқамай да қалғандаймыз. Қазір «себет түбінде ғана зат аламыз, соның өзі қалтаңды қағып алады» дегенді жиі естиміз. Шынында да, қымбатшылық қантта ғана емес екен.



Бетті дайындаған  
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА





## НАН ҚИҚЫМЫНДА БЕРЕКЕ БАР

Алайда атам қазақ нанның қасиетін ұғына білген. Қазаққа «қатықсыз қара су ішіп, қара нан жесең те, аман болайық» деген сөз бар. «Нанды жерге тастама», «нанның үстіне зат қойма», «нанды төңкерме», «нанды бір қолмен үзе» деген сөздің барлығы – сол астың қасиетіне орай айтылған тыйымдар. Оның қасиетін айтып жеткізу мүмкін емес.

Мәселен, адам ашыққан кезде қолы жетпейтін биікте тұрған нанды құранның үстіне шығып алуға болады деген. Сондықтан нанды ешқашан баспаған. Оның қасиеті Құранның да жоғары екендігін еске салдық. Сондай-ақ үйге келген кез келген адам асығыс болса да, өзге тамақтан емес, нанның астың тиеді. Оның себебі адамдардың арасындағы ынтымақ бірлік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, ауызбіршілік дастарханның үстіне қойылған нан арқылы нығая түседі деп сенген. Яғни, нан ауыз тиген үйіне қазақ жамандық тілемеген. Қазақтың «бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем» дейтін сөзі осыдан калған.

Оның қиқымының өзі киелі. «Нанның қиқымын жеген бала Басы 1-бетте

сауапқа қалады» – деген сөзді ата-әжелеріміз көп айтатын. Себебі қиыншылық кездерде бір үзім нан көптеген адамның жанына жалау болып, өмірден үмітін үзбеге себеп болған. Тіпті қазірдің өзінде әлемде бір үзім нанға зар болып отырған елдер аз ба? Айлығы шайлығына жетпей, қалт-құлт етіп бір үзім нан үшін базар жағалап жүргендер өзімізде де бар. Олардың күйін көйлегі көк адамдар сезіне алмас. Олар жанының қадірін білмесе де, нанның қадірін жақсы түсінеді.

Жалпы, әр нәрсенің қадірін білу үшін оқу керек деп ойлаймын. Ал бүгінгінің жастары кітап та оқымайды. Тек әлеуметтік желіге салынған сурет салумен және оған пікір жазумен шектелуде. Оқушы кезімізде Б.Майлиннің «Күлпеш» әңгімесін оқығанда өзіміз сол аштықты сезініп отырғандай, кітапты оқи отырып, жыладық. Бір үзім нан мен бір жапырақ ет үшін қасиет рет шеккен Күлпештың күйін бастан өткергендей, көзімізге елестете аянышты халге түскенім есімде. Қазақ жазушылары арасында нанның қадірі туралы қалам тартқандар

аз емес. Шерхан Мұртаза «Интернат наны» шығармасы да терең ойға қалдырады. Мәселе – бүгінгі өрендердің осындай тағалымды шығармаларды оқымайтындығында. Бүгінгі ұрпақ ешқандай қиындық көрместен, әрбір дүниенің қандай қиындықпен келгенін ұғынбастан өсуде.

Күнде көзбен көріп жүргендіктен қызық толы нанды көргенде ішің ашиды. Мұндай көрініс обал-сауаптың жоқтығынан, иманның әсірегенін шығар деп ойлаймын. Қоғамда иманды кісілер азайып бара жатқандай сезінеміз. Бір үзім нанның киесі ұратынын ұғыну қажет. Алдымен, рухани тұрғыда жастарға тәрбие берілу керек секілді. Біздің айтпағымыз, көп қабатты үй тұрғындары нан тастайтын жер таппаса, арнайы орын белгілеп, жинап алу жағын ойластырған жөн болар еді. Сонымен қатар түрлі іс-шараларды қолға алып, жас ұрпақтың бойына қасиетті астың қадірін сіңіре делейміз. Өйтпесе тоқтықтан нан қадірін білмей жүргендейміз.

Айтқын  
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

«Ziyatker» инновациялық мектеп-лицейінің негізін салушы Руслан ДҮЛДҮЛ:

## «БҰЛ КҮННІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР»

– «Бір жылдығыңды ойласаң күршік, он жылдығыңды ойласаң ағаш отырғыз, мың жылдығыңды ойласаң ұрпағыңды тәрбиеле» деген аталы сөз бар. Білім беру жүйесінің бұл мақсаты жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру ғой. Осы жұмыстар бізде қалай атқарылууда?

– Қанша уақыт өтсе де өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын бір маңызды мәселе бар, ол – жас ұрпақ тәрбиесі. Өйткені жас ұрпақтың өсіп-жетілгенде қандай болатыны ең алдымен оның тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз айтты өткендей, жас ұрпаққа білімнен бұрын дұрыс тәрбие берілуі қажет. Себебі білім алдыңғы орынға шығып, тәрбие кейіндеу қалып қойса, мұның арты адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай кері әсерін тигізеді хак. Білім – қарапайым тілмен айтқанда, белгілі бір ақпараттар жиынтығы ғана. Ол санаға сіңіп, ойда қалады. Ал тәрбие адамның күллі жан-дүниесіне әсер етіп, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Нарық заманында адами құндылықтардың өзгеріп кеткені рас. Ғаламтордың, жана технологиялардың, теле-өнімдердің қарыштап дамуы тәрбиенің насихаттық жағына кері әсер еткені сөзсіз. Егемен еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, ата-бабаларымыздың салт дәстүрімен сабақтастыра отырып, тәрбиелеу – ең өзекті мәселенің бірі. Егер бүгін бұлдіріңдер өз халқының рухымен тәрбиеленіп өспесе, онда елдің келешегі бұлыңғыр болмақ. Өйткені ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ата-ана мен мұғалім бірлесіп жұмыс істегенде ғана бала бойына ізгі қасиеттерді толығымен сіңіруге болады. Олай болса, ұлт болашағын тәрбиелеуде еш қателеспей, өз үлесімізді қосу – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

– **Жана Қазақстан – білімді жастардың қолында. Сапалы білім беру үшін не істеу керек?**

– «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім». Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауының басты бағытының бірі – білім саласы. Рухани, Басы 1-бетте

мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді. Бүгінгі заман білім беру жүйесі жан-жақты дамыған, өздігін жұмыс істей алатын, үздіксіз білім алуға ынтық бар жастарды дайындауды талап етеді. Себебі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында білім беру жүйесі жетекші рөл атқарады. Елімізде ондаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі білім беру моделі әлемдік көшке ілесуге ниетті. Ал оның алғышарттары жыл сайын қабылданатын мемлекеттік бағдарламалар. Бағдарламаның басты тетігі – білім, мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Демек, ұдайы дамып, үздіксіз жаңалықпен толығын отыруға бейім салмақты салаға артылған жүк те ауыр. Себебі интеграциялық даму мен инновациялық өрлеу қарыштаған сайын бірқалыпты жүйеміз көшке ілесу мүмкін емес. Осы ретте, нарықтық экономика тұсында сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге қаржыландыру жүйесін оңтайландырып, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды деп білемін. Сапалы маман даярлау бағытында жан-жақты жұмыс істеудегі миссиямыз – сапалы білім беру.

– **25 қазан – Республика күні биыл ресми статусына қайта не болды. Атаулы күнді қайтарудың маңыздылығы қандай?**

– «25 қазан – Республика күні» деп ресми түрде жариялануы еліміздің тәуелсіздік жариялауына негіз болған айтулы күн. Дәл осы күні 25 қазанда қазақ елі декларация жариялап, мемлекеттің тәуелсіздігін айқындады. Тәуелсіздігіміздің кірпішін қалаған бұл күнді мерекелеу қазақ халқының қуанышы деп білемін.

Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде тойлануы – халқымыздың бойына қуат, жүзіне қуаныш сыйлаған оң шешім деп білемін! Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өту – жастарға патриоттық сезім сыйлайды. Осы күні еліміздің Тәуелсіз мемлекет

ретінде маңыздылығын айқындайтын іс-шаралар ұйымдастыруы қажет. Отанға, елге деген жас буынның құрметін арттыру керек.

– **«Мақсатқа жету үшін мемлекеттік аппаратты жаңарту немесе кадрлық ауыс-түйіс жасау жеткіліксіз. Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс», – делі Президент. Осы елдің азаматы ретінде жана Қазақстанның құрылуына қандай үлесіңізді қосқыңыз келеді?**

Республика күнінің мемлекеттік деңгейде, елімізде тұратын барша ұлт пен ұлысқа ортақ мереке ретінде тойлануы – халқымыздың бойына қуат, жүзіне қуаныш сыйлаған оң шешім деп білемін! Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өту – жастарға патриоттық сезім сыйлайды. Осы күні еліміздің Тәуелсіз мемлекет ретінде маңыздылығын айқындайтын іс-шаралар ұйымдастыруы қажет. Отанға, елге деген жас буынның құрметін арттыру керек.

– «Өмірден үйренген адамдар ғана ұлтының ұлы перзенті бола алады», – деген екен Қытай реформаторы Дян Сюпин. Осы сөз ойға оралған сайын, «елімізді дамуына қосқан үлесім қандай?» деген сұрақ туындайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қай сала болмасын білдімі, жасампаз, жан-жақты дамыған мамандарды қажет етеді. Осы бағытта еліміздің ертеңі болатын мамандар даярлауға өз үлесімізді қосып, «Жас кәсіпкерлерді қолдау» мақсатындағы жоба аясында қаламызда алғашқы ашылған жекеменшік 600 орындық «Ziyatker» инновациялық мектеп-лицейінің негізін салып, сапалы білім беру бағытында үздіксіз жұмыс істеп, жас ұрпақтарымыздың бойына ең жақсы деген қасиеттерді дәріптеуге қосар үлесім арта берсе екен деймін.

– **Өңіміңізге рахмет.**

Сұхбаттасқан  
Айтқын АЙТҚАНОВА

**Қазақтың салт-дәстүрі таусылған ба? Әсіресе дүниеге келген сәбиге қатысты жетерлік. Соның бірі – баланы қырық күн шығару. Бұл дәстүр бала өміріндегі ең маңызды шақтың бірі. Себебі ата-бабамыз жаңа туған нәрестені қырық күнге дейін сыртқа шығармай, бөтен көзге көрсетпей ұстайды. Бұл дәстүр кеше ғана пайда болған жоқ.**

Жалпы, қазақ халқы тілге бай ғой. Әр сөзін талдап, оған жіті мән берген. Қазақ үшін сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, тәрбиелік мәні мен орны бар. Расында, бір санынан бастап, әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралаған. Осы орайда жазушы Зейнеп Ахметованың 40 санына қатысты ойлары еріксіз еске түседі. Ол 40 санын адамның жаратылысымен тікелей байланысты деп қарастырады.

– Баланы не үшін қырықнан шығарады? Себебі 40 күн ана үшін де, бала үшін де қатерлі кезең. Мәселен, қырықтан шықпаған баланың терісін ұстап көрсен, еті бөлек, терісі бөлек жүреді. 40 күнде ғана баланың еті мен сүйегі бірігеді. Адам қайтыс болғанда да қырық береді ғой. Өйткені 40 күнде ет пен сүйек ажырайды, соған біз құдайы берміз. Ал мына жерде ананы 40 күн бойы қалжалап, күтеді. Ананың дені сау болмаса, баланың да жағдайы жақсы болмайды. Сондықтан 40 күн – ана мен бала үшін күтім мезгілі. Тіпті дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өзі 6 аптаны жас босанған ана мен балаға қауіпті дейді. Алты апта – 42 күн. Ал әжелеріміз сол қырық күннің қатерлі екенін қалай білген? Жас босанған анаға



## ҚАЗАҚ БАЛАНЫ НЕГЕ ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРАДЫ?

ауыр жұмыс істетпейді. Бір сөзбен айтқанда, кір жуғызбайды, салқын су ішкізбейді, қой сойып, сорпа беріп, қалжалап баптайды. Бұл уақыт баланың өмірге бейімделетін кезеңі. Қырықтан шықпаған баланың көзі тұманданып тұрады. Ал қалай қырықтан шығады солай жарыққа қарайды. Дыбысқа елендейді. Бұл медициналық жағынан да дәлелденген дүние. Баланы қырықтан шығарғанда тырнақ пен шашты ер адамға алғызу керек. Бұл – ырым. Ал сәбидің ит-көйлегін бала көтермеген әйелге ырым етіп берген дұрыс, – деп жазады Зейнеп Ахметова.

Расында, сәбиді қырық күн бойы тұзды, сабынды суға алма-кезек шомылдырып отырады. Үлкендердің айтуынша, тұзды суға шомылып өскен баланың денесі шымыр келеді. Сондай-ақ түрлі аурудан қорғайды. Өскенде жарасы тез жазылатын болады. Ал сабынды су денесіндегі микробты тазартады. Ал баланы қырықтан шығару дәстүрі – ет пен сүйектің біріккеніне жасалатын құрмет. Сондықтан сәбиді қырықтан шығарудың өзі жайдан-жай шыққан жоқ.

Сонмен баланы қырықтан қалай шығарады? Негізі ұл баланы қырық күнге

жеткізбей (37-39 күнде), ал қыз баланы міндетті түрде қырық күн толтырып барып, қырықтан шығарады. «Қыздың қырық шырағы бар» деген сөз осыдан қалса керек. Жалпы ұл мен қыздың дене бітімі екі түрлі. Ер мен әйел адамның күш-қуатында, жаратылысында, дене құрылысында өздеріне тән ерекшеліктері бар. Қыз баланың болмысы нәзік, ал ұлдар төзімді, қайсар келеді. Сондықтан ұл баланы қырық күнге жеткізбей шығара береді. Бала өміріндегі кез келген қуаныштың өз орны бар. Қарап отырсақ, бала мазасызданып жыласа, дұрыс ұйықтамаса үлкендер жағы «бала қырық күнін жүр» деп жағатады. Шынында да, Құдайдың құдіретіне шек жоқ, жаңағдай мазасыз жылаңқы баланы барлық жән-жоралғысымен қырықтан шығарса, жылауы тоқтап, тынышталады.

Қырықтан шығару рәсімін тек қана әйелдер атқарады. Баланы шомылдыратын ыдыстың түбіне күміс жүзік, күміс білезік, күміс тиын сияқты заттар салып, 40 қасық таза су құяды. Қазақ ұғымында күміс – тазалықтың белгісі. Сондықтан күміс салынған су ең таза су. Сондай-ақ оған жын-шайтан жоламайды екен. Сәбиді шомылдырып болған соң, сүт тырнағы мен қарын шашын алады. Одан кейін қарын шашын ақ шүберекке түйіп, бесіктің басына қадап қояды. Ал «сүт тырнағын» адам баспайтын жерге немесе «ұрпағы көп болсын» деп жеміс ағашының түбіне көміп тастайды. Осылайша қырықтан шыққан сәбиді бетінен сүйіп, адам қатарын қосады. Бір айта кетерлігі, баланы қырықтан шықпай, бетінен сүйгізбейді. Тек иіскеуге ғана рұқсат етеді.

Жазушы Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі баланың дені мен жаны сау болуына арналғанын біреу білсе, біреу білмес. Педагог өз оқулығында «Баланы шомылдыру» жайында кеңінен жазған.

– Баланы шомылдыру оны кірден тазартады. Бойын жеңілдетеді, еңсесін көтереді.

Жана туған баланы шомылдыратын судың жылылығы үш айға дейін Рьюмер бойынша – 29 градус. Үшінші айдан жыл аяғына дейін 28 градус, екінші жылда 27 градус, мұнан былайғы жылдарда 26-25 градус болып, бала өскен сайын төмендей берсін. Ең төмендегенде 22 градустан кем болмауға тиісті. Жана туған баланы су ішінде 5 минут, ай жарымдық баланы 8 минут ұстау керек. Бұдан артық ұстауға болмайды. Бала әлсіреп қалады. Әуелгі тоғыз күн ішінде тәулікте екі рет, ай жарымға дейін бір рет, 6 айға дейін жетіде 3-2 рет, екі жастан соң жетіде бір шомылдырып отыру керек. Баланы тамақ берердің, ұйықтаудың алдында шомылдыру артық. Баланы шомылдыратын үйдің жылылығы 17-18 градустан жоғарырақ болсын. Баланы шомылдырып болған соң, әсіресе қолтығын, мойнын, шабын жақсылап қарау керек. Көзін, құлағын, басын таза ұстау керек. Бұлық қолыңмен баланың көзін тазалаушы болма. Неше түрлі көз ауруы осыдан болады. Тамақ бергеннен кейін баланың аузын тазалап отыру керек. Таза шүберекті қайнаған суға малып, шыныаққа орап тазарт. Есін білген баланы ас ішкеннен кейін аузын шайқауға үйрету керек. Сонда аузында иіс болмайды, тісі бұзылмайды. Пісуіне, шынығуына тұзды судың пайдасы бар. Баланы «өс, өс, өс» деп денесінің құрыстырысын жазу аса теріс болмас. Бірақ еп керек. «Өс, өс, өс» деп баланың бір жерін шығарып алып жүрме, – деп жазады Мағжан Жұмабаев.

Қарап отырсақ, «Педагогика» кітабы 1922 жылы жарық көрді. Жазушы жаңа туған нәрестені қалай шомылдыру керігін сол кездің өзінде жан-жақты зерттеп, айға таңба басқандай анық көрсетіп кетті. Ата-бабамыздың көргенділігі сонша, сол кездегі ақыл-көңестері әлі күнге дейін бізге азық болуда.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарға пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3737 Таспырыс №1739

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ